bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Күзгі жапырақтар

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 29.01.2020 | https://bilimger.kz/66044/ |

**№73 орта мектеп жанындағы «Әсем-ай» шағын орталық тәрбиешісі Асқарова Маржанкүл «Балдәурен»тобы**

**Білім беру саласы***: Шығармашылық*

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** *Сурет салу*

**Тақырыбы**: *Күзгі жапырақтар*

**Мақсаты:**

**Қою сары және сары түстерді қолдана отырып,күзгі жапырақтарды салуға үйрету;*

**ұқыптылыққа,әдемілікті сезіне білуге үйрету.*

**Ұсақ қол қимылдарын дамыту.*

**Қажетті құрал-жабдықтар,көрнекіліктер:***Күзгі жапырақтардың үлгісі,қылқалам,сүлгі,су,түрлі-түсті бояулар.*

**Сөздің жұмыс:** *жапырақ,қою сары.*

**Билингвистикалық сөздер**: *Күз-осень,жапырақ-лист.*

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | *Топқа  қуыршақ келеді.*<br>***«Бұлне,қайда болады?»ойыны***<br>*Балаларға қуыршақтың алып келген жапырақтарын көрсетіп,оның атынан сұрақтар қоямын.* | *Қуыршақты қарсы алады. Қуыршақтың сұрақтарына жауап береді.Жапырақтар туралы білгендерін айтады.* |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | **Үлгі суретпен  жұмыс**<br>*Күзгі жапырақтардың суреттерін көрсетіп,балалардың жауаптарын толықтырамын:*<br>*—Ағаштардың жапырақтары жазда жасыл түсті болады.Күзде сары,қою сары,қызыл түстерге еніп,жерге үзіліп түседі.*<br><br>**Күзгі жапырақтарды  салу технологиясы:**<br>***Бояу түстерін таңдатады;*<br><br>**Сөздік жұмыс**<br>*«Жапырақ,қою сары»сөздері-нің мағынасын түсіндіреді.*<br><br>**Сергіту сәті**<br>*Терезелер ашылсын,*<br>*Таза ауа ағылсын.*<br>*Біздің оқу бөлмеміз.*<br>*Шаң-тозаңнан арылсын.*<br><br>**үлгі бойынша бастыртады;*<br><br>**дайын бастырылып салынған жапырақтарды боятады;*<br><br>**Мақал**<br>*Еңбек етпесең,елге өкпелеме,*<br>*Егін екпесең жерге өкпелеме.*<br>*Мақалдың мағынасын түсіндіремін.* | *Үлгі сурет тамашалайды.*<br><br>*Тәрбиешінің түсіндірмесін тыңдайды.*<br><br>*Бояу түстерін таңдайды.*<br><br>*Жаңа сөздердің мағынасын түсінеді*<br><br>*Қимыл қозғалыстар жасап, бойларын сергітеді.*<br><br>*Жапырақтарды жоғарыдан төмен, солдан оңға қарай қылқаламмен түзу сызықтарды жүргізу арқылы боятамын.*<br><br>*Мақалды тыңдап,мағынасын түсініп алады.* |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | *-Біз бүгін қандай жапырақтарды бейнеледік? Балалардан бүгінгі оқу қызметінен не туралы білгендерін,ненің ерекше естерінде қалғандарын сұрап,жақсы аяқтаған жұмыстары  үшін балаларды мадақтап,оқу қызметін аяқтайды.* | *Сұраққа жауап береді.* |

**Күтілетін нәтиже:**

**1Нені білу керек:***Түстердің айырмашылықтарын.*

**Не игереді:***үлгіні бастыруды,бояу әдісін*

**Нені біледі:***Қылқаламды дұрыс ұстауды.*

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.